



ӨЛІМНЕН КЕЙІН ӨМІР СЫЙЛАУ

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



КӨКІРЕГІ КӨНЕ КІТАП

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



АРЗАНЫҢ ЖІЛІГІ ТАТЫМАЙДЫ

7-БЕТ | САРАПТАМА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ СІЗДЕРГЕ ЗОР ҮМІТ АРТАМЫЗ. БҮКІЛ ХАЛҚЫ-
МЫЗ – СІЗДЕРГЕ ЖАНКҮЙЕР. ЖАЛПЫ, ҚАЗАҚ
СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ МӘРТЕБЕСІ ҚАШАНДА БИІК.
СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ӘРДАЙЫМ ЕЛГЕ ЖҮЛ-
ДЕМЕН ОРАЛЫП ЖҮР. ОСЫ ДАҢҚТЫ ЖОЛДЫ
АБЫРОЙМЕН ЖАЛҒАЙСЫЗДАР ДЕП СЕНЕМІН.
ШЫН МӘНІНДЕ, СІЗДЕРДІҢ ЖЕҢІСТЕРІҢІЗ ТҰТАС
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІСІ БОЛМАҚ. КӨК ТУЫМЫЗ
ЖЕЛБІРЕСЕ, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХЫ АСҚАҚТАЙДЫ.

№89
(4677)
Сенбі
27 шілде
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АРНАЙЫ АВТОБУСТАР ЖҮРЕДІ

Елордада Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысатын спортшылар мен көрермендерді тасымалдайтын арнайы автобустар ұйымдастырылады.

«100 автобус дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысатын спортшыларды тасиды. Оларға берілетін Shuttle bus-тар қонақ үй мен ойын алаңдары арасында қатынайды. Сондай-ақ көрермендерге де 100-200-дей автобус дайындау жағы қалалық әкімдікпен пысықталып жатыр» деп мәлім етті Астана қаласының №1 автобус паркі басқармасының төрағасы Мадияр Тұқпатов.

Астанада Бейбарыс Сұлтан көшесінің бойындағы «Рио-де-Жанейро» ТК (Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23) қарама-қарсы орналасқан жаңа жәрмеңке күн сайын сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істейді.



ОЛИМПИАДА: ОЛЖА ҚАНДАЙ?

Кеше Франция астанасы Парижде XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының жалауы көтерілді. Төрт жылда бір рет өтетін байрақты бәсекеде әлемнің 205 елінен үздік спортшылар сынға түседі. Қазақстаннан 80 спортшы 25 спорт түрінде ел намысын қорғайды.

8

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ» МАРАФОН-БӘЙГЕСІ

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында 3-7 қыркүйек аралығында алғаш рет «Ұлы дала жорығы» 500 шақырымға созылатын халықаралық марафон-бәйгесі өтеді.

Марафон-бәйге 5 мың жылдан астам бұрын адам баласы жылқы малын алғаш рет қолға үйреткен Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай елді мекенінде 3 қыркүйекте бастау алады. Ат

жарысы Астанада 7 қыркүйекте аяқталады. Оның жеңімпаздары 8 қыркүйекте өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатына қатысады.



ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖӘРМЕҢКЕ

Аманат партиясы «Жастар рухы» жастар қанаты ұйымдастырған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі еліміздің барлық аймағында өтті. Іс-шараға Парламент Мәжілісінің төрағасы, Аманат партиясының төрағасы Ерлан Қошанов және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова қатысты. Қалалық мәслихат депутаттары мен қала әкімдігінің өкілдері де арнайы келді.

Жәрмеңкеде Еңбек министрлігінің ақпараттық жүйелері таныстырылды. Атап айтқанда, enbek.kz жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасы, skills.enbek.kz онлайн оқыту платформасы, business.enbek.kz азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау порталы, сондай-ақ hr.enbek.kz еңбек ресурстары порталы.

Жәрмеңке елордадағы «Нұржол» бульварында өтті, онда арнайы шатырлар мен стендтер орналастырылды. Мұндай шаралар Қазақстанның барлық 20 өңірінде ұйымдастырылды. Жалпы республика бойынша іс-шараға 10 мыңнан астам жұмыс орнын ұсынатын 1 мыңнан астам түрлі ұйымдар қатысады.

Мұнда өтініш беруші бос жұмыс орындарының бар-жоғын біліп қана қоймай, сол жерде барлық мәліметтер мен жұмыс жағдайларын нақтылай алады. Жәрмеңкеде жұмысқа орналасудан басқа, жастарды әлеуметтік қолдаудың барлық мемлекеттік бағдарламалары бойынша – тұрғын үй алудан бастап оқу және бизнес ашуға байланысты жан-жақты кеңес алуға болады.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 513.44 \$ USD/KZT 472.62 ₸ RUB/KZT 5.43 ¥ CNY/KZT 64.97

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



АЛЫС-БЕРІС КӨЛЕМІ КЕҢЕЙЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Ресей Федерациясының Түмен облысының губернаторы Александр Моормен кездесу өткізді.

Қазақстан – Ресей сауда қатынастарын дамыту аясындағы аймақаралық және шекара маңы ынтымақтастығы мәселелері талқыланды. Биылғы қаңтар-мамыр айларында Қазақстан өңірлері мен Түмен облысы арасындағы тауар айналымы \$113,3 млн құрады.

Кездесу барысында көлік-логистика саласындағы ынты-

мақтастық мәселелері, атап айтқанда, мемлекеттік шекара арқылы автомобиль жүк-жолаушылар көпжақты өткізу пунктін реконструкциялау жобасы қаралды.

Кешенді күрделі жөндеу шеңберінде өткізу пунктін қолданыстағы шекараларында кіру жолақтарын кеңейту және жүк көлігі бағытында 2 жолақ, жеңіл көлік бағытында

4 жолақ салу жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру АӨП өткізу қабілетін жақсартуға және сауда-экономикалық байланыстарды арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа, жоғары білім, туризм және спорт салаларындағы өзара іс-қимыл мәселелеріне назар аударылды.

ТӨТЕННЕН ҚАУІП ТӨНБЕСІН

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев су тасқыны салдарынан анықталған ТЖ-ға ден қою проблемаларын талдау бойынша кеңес өткізді. Кеңес барысында үш негізгі мәселе талқыланды: ТЖ жағдайында жедел ден қою үшін республикалық және өңірлік штабтардың өкілеттіктерін кеңейту, техника мен жабдықтарды тасымалдау тетігі, сондай-ақ табиғи апаттар кезінде мүлікті сақтандыру.

Вице-премьер халық пен бизнеске келтірілген залалды өтеу кезінде туындаған проблемаларды ерекше атап өтті. Қанат Бозымбаев Қаржы, ТЖ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктеріне зардап шеккендерге өтемақы төлеу тәртібін қайта қарауды тапсырды.

Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерінен жалпы сомасы 3,4 млрд теңгеге 291 өтінім келіп түсті. Қаражат қазірдің өзінде өңірлерге Үкіметтің резервінен бөлінді, бірақ өтініш берушілердің үштен біріне ғана жетті. Осыған байланысты вице-премьер «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ескертулерін назарға ала отырып, бизнеске төлем жасаудың әдістемесін пысықтауды, оның ішінде АӨК кәсіпкерлеріне келтірілген залалды өтеуді тапсырды.

«Мұндай бюрократия тұрғындар арасында наразылық тудырады. Осы жағдайды анықтау үшін бұл істі қолға аламын. Біз су тасқыны туралы емес, су тасқыны мысалында әрекет ету жүйесінің дайындығы туралы айтып отырмыз. Біз ТЖ-ға тез ден қойып, зардап шеккен азаматтар мен ШОБ үшін қажетті көмекті жедел жеткізуіміз керек. Жұмыс тобын құрып, барлық рәсімдерді жеңілдетіңіздер»

деді Премьер-министрдің орынбасары.

Су тасқыны кезінде техниканың жетіспеушілігі мәселесі туындады. Оны басқа облыстардан көшіру бойынша жедел шаралар қабылданды. Бірқатар өңірде әкімдер қолда бар автопарк саны туралы ақпаратты білмеді, сондықтан арнайы есепке алуды жолға қою қажет.

«Көлік министрлігі осы талқылауды ескере отырып, техниканы, оның ішінде жеке ұйымдармен тиеу, жеткізу және түсіру алгоритмін пысықтау қажет. Оларды ТЖ аймақтарына тарту және жеткізу үшін шығындарды өтеу тетігін көздеу керек. Мұның бәрін заңнамалық тұрғыдан реттеп, бір ай мерзімде келісілген ұсыныстар енгізу қажет» деп атады Қанат Бозымбаев.

ТЖ кезінде азаматтардың мүлкін сақтандыру мәселелері және апаттар облигациясын шығару мүмкіндігі қаралды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі апатты тәуекелдерді сақтандырудың әртүрлі модельдері мен тәжірибелеріне талдау жүргізеді. Халықаралық тәжірибені зерделеу бойынша өз талдауын «Астана» халықаралық қаржы орталығы да жүргізді. Вице-премьер Ұлттық экономика және қаржы министрліктеріне ҚНРДА және АХҚО-мен бірлесіп бір ай мерзімде

апатты бондтар шығару және мүлікті сақтандыру бойынша қажетті есептеулер жүргізуді тапсырды.

«Біз бүгін биылғы су тасқыны бойынша қорытынды жасап, келесі жылдың су тасқыны кезеңіне дайындықты бастау үшін арнайы жиналды. Қазір біз тұрғын үйді қалпына келтіру және залалды өтеу бойынша барлық жұмыстарды уақтылы аяқтауымыз керек. Ең бастысы, зардап шеккендер күзге дейін баспанамен қамтамасыз етілуі керек. Көктемге дейін әлі алыс. Бірақ су тасқыны кезеңіне дайындық шаралары күзде аяқталуы керек. Су тасқыны қателікті, орындалмаған жұмыстарды және жеткіліксіз қаржыландыруды кешірмейді» деді Үкімет басшысының орынбасары.

Қанат Бозымбаев ТЖ мен су ресурстары және ирригация министрліктеріне су тасқынына дайындық және халықты апаттардан қорғау алгоритмін әзірлеуді тапсырды. Облыс әкімдіктеріне су тасқынының алдын алу шараларын қамтамасыз етеді, барлық гидротехникалық және қорғаныс құрылыстарын тексеріп, айналма арналарды дайындайды. Қаржы министрлігі әр өңірде төтенше резерв құру жөнінде ұсыныстар енгізуі тиіс. Ол тұрақты, төмендетілмейтін, келесі жылға ауысатын және тек төтенше жағдайларда қолданылуы керек.

ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Ресей Федерациясының Түмен облысының делегаттарымен кездесіп, өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Түмен қалалық Дума-сының төрағасы Светлана Ивановамен және Ресей қазақтарының федералдық ұлттық-мәдени автономиясының президенті Есенғали Ибраевпен өткен кездесуде бірлесе жұмыс істеудің маңайы талқылады.

– Түмен қалалық Думасы, біздің барлық деңгейдегі мәслихаттар сияқты 30 жылдығы екен. Оның құрамында 6 комиссия бар, депутаттары саны – 36, оның ішінде 6 әйел қызмет атқаруда. Елордалық мәслихаттың құрылымы, ба-сым бағыттары, әлемнің басқа

елдеріндегі әріптестерімізбен бірге өзара іс-қимылды қалай жүзеге асыратынымыз туралы айтып бердім. Осы мүмкіндікті пайдаланып, қонақтарды Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысуға шақырдым, – деді Ерлан Каналимов.



БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов қала әкімінің орынбасарлары Есет Байкен, Евгений Глотов және Еркін Өтебаевпен бірге Атапат партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасын іске асыру барысын талқылады.

– Әлеуметтік бағыт бойынша тармақтар басым болып қала береді. Оның ішінде, білім беру гранттарын бөлу, ХӨТ-санатындағы балаларға, мектептер мен балабақшалар салу, сондай-ақ денсаулық сақтау, бұқаралық спортты дамыту басымдық беріледі. Мысалы, 2024-2025 оқу жылында «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Музыкалық білім беру» мамандықтары бойынша 1530 орын көлемінде білім беру тапсырысы бекітілді, – деді мәслихат төрағасы.

Кездесуде белгілі болғандай,

елордалық әкімдік 2023-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру грантын бекітті, барлығы 1199 грант, оның ішінде: педагогикалық мамандықтарға – 1028 орын, жоғары оқу орындарына 911 грант орналастырылды, 773 грант игерілді. Отырыс соңында бірқатар жоспарланған нысандарды тапсыру мерзімдері тағы да салыстырылып, бірқатар түзетулер енгізілді.

Бүгінгі таңда №1 Индустриялық парк инфрақұрылымының құрылысы 87 пайызға орындалды, оның ішінде: техникалық су резервуарлары бар сорғы станцияларының,

«Шығыс өнеркәсіп ауданы» 110/10кВ қосалқы станциясының, ұзындығы 3,4 шақырым магистральдық жылу трассасының құрылысы толық көлемде аяқталады.

– Құжатты талқылау барысында әкімнің орынбасары Еркін Өтебаевпен бірге бірқатар инфрақұрылымдық нысандардың, соның ішінде тұрғын үй алаптарындағы жолдар мен инженерлік желілер құрылысының, тұрғын үй секторы мен әлеуметтік нысандарды газдандырудың және тағы басқалардың құрылыс барысы қозғалды, – деді Ерлан Каналимов.





ТАЛДЫКӨЛ МАҢЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

Нұра ауданы әкімдігінің және Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен Ұлы дала даңғылы мен Ш.Айтматов көшелерінің қиылысындағы ашық алаңда, Үлкен Талдықөл маңында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өтті.

Шапағат ӘБДІР

Акция барысында «Жасыл ел» жобасы жастары 5 гектарға жуық жерді қоқыстан тазартты. Қаланың ішінен бөлек, сыртқы экологиялық жағдайын жақсартуды мақсат еткен бұл іс-шара жастардың да жұмысқа деген ынтасын арттыратынын айтады ұйымдастырушылар.

– Биыл «Жасыл ел» еңбек жасақтарының XX еңбек маусымы басталды. Жоба аясында елорда бойынша 4200-ден астам 14

пен 35 жас аралығында жастар жұмыспен қамтамасыз етіледі. Олар қаламыздың құрылыс нысандарына, қала маңындағы «жасыл белдеуде», әлеуметтік нысандарды, жалпы білім беретін мекемелер аумағында, қала саябақтарына, көгалдандыру жұмыстарына жұмылдырылады. Жастарымыз жұмыс барысында қала тазалығын сақтауды негіз етіп, қаланың іші сыртын қоқыстан тазартады. Бұл, бір жағынан, экологиялық ортаны таза ұстауға деген адамдардың ниетін оятса, екінші жағынан жастардың жұмысқа деген ынта-

сын жігерлендіріп, олардың бос уақытын тиімді пайдалануына да өз септігін тигізеді, – дейді «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» төрағасының орынбасары Асылбек Абдурашитов.

Аталған акцияға келген жастардың көбі – 14-18 жас аралығындағы мектеп оқушылары. Олар өздерінің демалысын «Жасыл ел» жасақтарының қатарында өткізгендеріне қуанышты екендігін жеткізді.

Ал мектеп оқушыларына еңбекақы ретінде 65 мың теңге көлемінде ақша төленеді.

30 ПАЙЫЗЫ ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРДЫ

Қазақстанда жалпыға бірдей декларация 2021 жылы енгізілді. Ол төрт кезеңнен тұрады.

Шапағат ӘБДІР

Бірінші кезеңде лауазымды мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жұбайлары тапсырды. Еліміз бойынша бұл кезеңдегі декларациялаудан шамамен 580 мың жеке тұлға өткен. Екінші кезеңде квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлері, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырды. Бұлардың саны шамамен 2,1 миллион адамды құрады. Үшінші кезең биыл 1 қаңтардан басталды. Оны заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары), жеке кәсіпкерлердің басшылары, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырады. Шамамен 3,9 миллион адам тапсыруы қажет. Ал төртінші кезең 2025 жылғы 1 қаңтарынан бастап жүзеге аспақ. Бұл ретте азаматтардың басқа санаттары (мысалы, жеке құрылымдардың қызметкерлері, зейнеткерлер,

үй шаруасындағы әйелдер, студенттер және т.б.) тапсыратын болады. Осы кезеңде еліміз бойынша 6,9 миллион адам декларациялаудан өтеді деп күтілуде. Осыған орай Астана қаласы бойынша Байқоңыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы қызметкерлері аудан Әкімдігінің алаңында бизнес өкілдерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Астана қаласы бойынша жалпыға бірдей декларациялаудың 3 кезеңі аясында 70 597 (немесе 30%) декларация тапсырылғаны, 70 пайызы яғни, 165 404 мың адам әлі де тапсырмағаны айтылды. Сондай-ақ бейрезиденттер, коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлер декларацияны ұсынудан босатылғаны да сөз болды. Әрі декларация тапсырудың жолы электронды түрде оңтайлана түскенін де атап өтті мекеме басшылары.

– Қазіргі таңда адамдар

декларацияны электрондық сервистер арқылы ұсынады. Бұл олардың уақытын тиімді пайдалануына және құжаттарды оңай толтыруына өз септігін тигізіп отыр. Яғни халық (cabinet.salyk.kz), «Электрондық үкімет» порталы (egov.kz) және «E-Salyq Azamat», «eGovmobile» мобильді қосымшалары, Kaspi.kz, Halyk, Bcc.kz. қосымшалары арқылы декларациялаудан өте алады. Декларацияны тапсыру мерзімі 2024 жылғы 15 қыркүйекте аяқталады. Бұл ретте, салық міндеттемесінің уақтылы орындалмауын болдырмау үшін барлығынан декларацияны алдын ала тапсыруды сұраймыз, – дейді Астана қаласы Байқоңыр ауданы Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Арман Дүйсенов.

Айта кету керек, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2,4 млн жеке тұлға активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынуға міндетті, оның ішінде Астана қаласы бойынша 236 001 жеке тұлға бар.

ҚҰТҚАРУШЫЛАР РЕЙД ЖҮРГІЗДІ

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің су-құтқару қызметінің қызметкерлері жазғы шомылу маусымы кезінде балалардың судағы қауіпсіздігі ережелерін бұзу бойынша қала су айдындарында рейдтік іс-шара өткізді. Профилактикалық жұмыста тиімдірек болу үшін дауыс зорайтқыштар мен арнайы ескерту сигналдары қолданылды.



Құтқарушылардың айтуынша, мұндай рейдтер мүмкіндігінше көп бұзушыларды анықтау үшін жүргізілмейді, олардың басты міндеті – қала тұрғындарына жабықталмаған жерлерде шомылу қаншалықты қауіпті екенін ескерту және түсіндіру.

Патрульдеу бағыты қайық станциясынан басталып, Есіл өзенінің бүкіл периметрі бойынша жүрді. Рейд барысында рұқсат етілмеген аймақта суда шомылу бойынша көптеген

бұзушылықтар тіркелді.

Елордада шомылу маусымында күнделікті патрульді 20 кәсіби құтқарушы, 30 қоғамдық құтқарушы және азаматтық қорғанысты қамтамасыз ету орталығының 15 қызметкері жүргізеді.

Астана ТЖД суда жүріс-тұрыс ережелерін сақтаудың маңыздылығын еске салды, сондай-ақ оқиғаның куәгеріне 112 нөміріне дереу хабарласуды сұрады. Жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында

құтқарушылар азаматтарды су айдынының түріне қарамастан судағы мінез-құлық ережелері мен қауіпсіздік шараларын білуге және міндетті түрде сақтауға шақырады.

Сонымен қатар ТЖД департаменті әкімдікпен бірлесіп тыйым салатын белгілер мен ақпараттық стендтер орнатып, шомылу орындарының түбіне тексеру жүргізді, демалыс аймақтары мен қалалық жағажай иелеріне ақпараттық хаттар табысталды.

ЕЛОРДА ЖАҢАША ЖАҢҒЫРАДЫ

2024 жылғы 8-13 қыркүйек аралығында Астанада 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Жарысқа әлемнің 89 елінен 2 мыңнан астам адам қатысады. Астананың барлық ауданында алдағы ойындарға қызу дайындық жүріп жатыр.

Дайындық аясында елорда ауқымды іс-шараның ерекшелігін бейнелейтін шағын сәулет нысандарымен безендірілген.

Қаланың түрлі аумағында мүсіндер, сәндік құрылымдар мен қондырғыларды қамтитын шағын архитектуралық формалар орнатылған. Бұл элементтер көшпелі халықтардың мәдени мұрасын, олардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын көрсетеді. Киіз үйлер, жылқылар, сондай-ақ тарихи және мифологиялық бейнелер

сияқты көшпелі мәдениетке тән символизмге ерекше назар аударылады.

Түрлі инсталляциялар Нұра ауданындағы орталық саябақта, Ғашықтар саябағында, «Азия паркі» СОО жанында, «Қазанат» ипподромының аумағында орнатылады, онда бірқатар жарыс өткізіледі.

Сарыарқа ауданында темір-жол вокзалында, «Театр» алаңында және «Radisson» қонақ үйінің жанында арнайы тақырыптағы шағын сәулет нысандары орнатылған. «Нұрлы жол» вокзалы-

ның аумағында инсталляция орнатылды.

Есіл ауданында шағын сәулет нысандары «Астана-Бәйтерек» монументінің жанында, Триумф аркасының жанында, Ботаникалық бақта, желекжолда және халықаралық әуежайда орналасқан.

Байқоңыр ауданында бес шағын сәулет нысаны орнатылды, тағы екеуінің орнатылуы жоспарлануда.

Спорт жарыстары мен мәдени іс-шараларға 100 мыңнан астам турист келеді деп күтіліп отыр.



ЖАҢА ТАРИФ БЕЛГІЛЕНДІ

Елордада 5 тамыздан бастап «Астана» ТЖ вокзалындағы ақылы тұрақ тарифтері өзгертіледі.

Пайдаланушылар үшін ыңғайлы және қолайлы жағдайды қамтамасыз ету мақсатында 2 сағаттан кейінгі 6 сағатқа дейінгі тұрақ үшін әр сағатына қосылатын 1 мың теңге төлем алынып тасталынады.

Енді сағаттық тариф 200 тг болады, яғни әр қосымша сағат үшін тек 200 тг қосылады.

Мәселен, қазіргі тариф бойынша 3 сағаттық тұрақ үшін пайдаланушы 1200 тг төлеуі керек. Жаңа тариф бойынша 3 сағат үшін 600 теңге алынады. Одан көптеу уақыт, 6 сағатты салыстырсақ, қазіргі тариф бойынша ол – 4 200 теңге, ендігі жаңа бағада – 1 200 теңге.

Айта кетейік, «Астана» теміржол вокзалындағы ақылы тұрақ тарифі 2017 жылдан өзгерген жоқ. Тарифтік кесте тұрғындардан түскен өтініштердің нәтижесі бойынша және тұрақтарды пайдаланушылардың қаржылық көрсеткіштерін ескере келе жасакталды.

№89 (4677) 27/07/2024 Сенбі

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІККЕ ТАЛАП КӨП

Астанадағы «№1 Автобус паркі» АҚ-ның 50 жылдығына орай кәсіпорын қызметімен таныстыру мақсатында орталық және қалалық БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз туры ұйымдастырылды.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Журналистерді жылы шыраймен қарсы алған «№1 Автобус паркі» АҚ Басқарма төрағасы Мадияр Тұқпатов кәсіпорынды дамыту үшін алға қойылған жоспарларды айқындап, қаладағы көлік қызметін жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Бүгінгі таңда кәсіпорында 2000-нан астам қызметкер жұмыс істейді, олардың 70%-ы – автобус жүргізушілері. Олар күн сайын қала мен оның айналасындағы тұрғын алаптарға 436 мыңнан астам жолаушыны тасымалдайды. Біздің парк қызмет көрсететін маршруттардың жалпы ұзындығы 3 734 шақырымды құрайды. Жылжымалы құрам жалпы саны 75 маршрутқа, оның ішінде 47 қалалық, 3 түнгі және 26 қала маңына қызмет көрсетеді. Біздің автобус паркінің негізгі міндеті – көлік жүйесін жақсарту отырып, қаланы барлық тұрғындар мен қонақтар үшін қолайлы әрі заманауи етуге бағытталған, – деді Басқарма төрағасы.

«№1 Автобус паркі» Акционерлік қоғамының жарты ғасырлық тарихы бар және осы уақыт ішінде кәсіпорын

өз қызметтерін дамыту мен жетілдірудің ұзақ жолынан өтті. Бүгінгі таңда Автопарк күн сайын жолаушыларды тасымалдауды қамтамасыз етіп қана қоймай, қызмет көрсету сапасын арттыру және экологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін күнделікті қызмет етеді.

– Біздің басты мақсаттарымыздың бірі – заманауи технологияларды енгізу. Біз өз қызметімізді толық цифрландыруға ұмтыламыз, бұл бізге автопаркті тиімдірек басқаруға, маршруттарды оңтайландыруға және жолаушыларымыз үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ біз экологиялық тұрғыдан өзіміздің қызметіміз бен жылжымалы құрамды пайдалануда ластану шығарындарын азайту үшін бар күшімізді салуға тырысып келеміз. Қазірде электро автобустардың санын көбейту, газбен қамтамасыз етілетін автобустарды сатып алу жоспарымыз бар. Кәсіпорын күн сайын қала тұрғындарын автобустарымызда жайлы және қауіпсіз сезіну үшін жұмысын жалғастыруда, – деді Мадияр Тұқпатов.

Баспасөз туры аясында журналистер жөндеу аймағына және техникалық байқау аймақтарына барып, негізгі қызметкерлермен және техникалық

мамандармен кездесті, сондай-ақ автобус паркінің жаңа жобалары мен экологиялық бастамаларымен танысуға мүмкіндік алды. Өндірістік нысандарға шолудан кейін кәсіпорынның экологиялық бастамалары және қызметін цифрландыру жобасы туралы шағын брифинг өтті. Бұл ретте «№1 Автобус паркі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Бахытбек Молдакаликов жиналғандарды парктің жоспарларымен таныстырды.

– Автобус паркінің ауқымды жоспарларының бірі – мекемені басқаруда заманауи технологияларды енгізе отырып, автопарк қызметін цифрландыру. Цифрлық автобус паркі жүйесін енгізу ресурстарды басқаруды жақсартуға, уақыт шығындарын қысқартуға және жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру және экологиялық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаның ластануының алдын алу және көмірқышқыл газының (CO₂) шығарындарын азайту мақсатында 2025 жылы 200 бірлік газ автобустары мен 100 бірлік электр автобустарын сатып алу жоспарлануда. 2024 жылдың қыркүйек айында 100 бірлік автобус әкелінеді. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ желісі бойынша 2024 жылдың соңына



дейін тағы 100 автобус сатып алу жөніндегі құжаттамаға қол қойылды, – деді Басқарма төрағасының орынбасары.

Қалалық Көлік басқармасының бас маманы Әлихан Керімжанның айтуынша, соңғы он жылда жанар-жағар май қанша қымбаттағанымен, елордада қоғамдық көлік қызметінің тарифі еш өзгермеген. Сол себепті был жолақысын қымбаттату қажеттігі туындады. Дегенмен, жеңілдікпен жүретін жолаушылар автобустарда әлі де тегін жүре береді. Қалғандарына тариф 110 теңге болады. Тарифтің көтерілуі субсидиялау көлемін 8 пайызға азайтады. Таңертең жұмысқа барар және кешке жұмыстан қайтар уақыттарда автобустар адамға толы

болғанымен, олардың 65 пайызы ғана ақылы транзакция жасайды екен. Қалғаны жеңілдікпен жүреді. Астанада 6 санаттағы азаматтар қоғамдық көлікте ақсыз жүру мүмкіндігіне ие.

– Қазір Астана автопарктерінде 1 100-ге жуық автобус бар. Олар күніне 700 мыңдай жолаушыны тасымалдайды. Оның ішінде жолақысын төлемейтіндер де кездеседі. Жыл басынан бері 290 мың адам жолақысын төлемеген. Сол себепті 13 мың елордалық әкімшілік жауапкершілікке тартылып, осындай азаматтарға жалпы сомасы 100 млн теңгеден астам айыппұл салынды, – деді басқарма өкілі.

Биыл мамыр айында Астанада 900 мың сапар тіркелген. Оған қала мен елорда маңына

қатынайтын қоғамдық көліктер кіреді. Ондағы жолаушылардың 30 пайызға жуығы тегін тасымалданады. Ал жолақысын төлеуден жалтарғандар шамамен 10 пайызды құрайды. СТС көлікті үйлестіру департаментінің директоры Мәди Сарбасовтың сөзінше, қала маршруттарында күнделікті 300-ге жуық бақылаушы жұмыс істеп, жолақысының уақытылы төленуін бақылайды. Сондықтан билетсіз жүргендермен күресу үшін автобустардағы камералар санын арттырып, жүйені полиция органдарының базасымен біріктіру жоспарланып отыр.

Астананың қоғамдық көліктеріндегі бақылаушылар санын көбейту де көзделуде. Мамандардың мәлімдеуінше, қазір бір автопаркте осындай 150 маман бар. Болашақта олардың саны 200-ге жетеді. Штаттың кеңеюі автобуста жолақысын төлеуден жалтаратындармен күресу үшін қажет. Сондай-ақ кәсіпорында жүргізушілер жетіспейді. Бүгінде кәсіпорында 100-ден 200-ге дейін автобус жүргізуші тапшы.

Биыл елордада 5 жаңа қала маршруты және 1 түнгі маршрут іске қосылды. Осы жылдың соңына дейін жаңа экспресс-маршруттарды іске қосу жоспарлануда. Сондай-ақ қазіргі уақытта қала көшелерінде көк түсті жаңартылған дизайндағы автобустар жүр, олар жаздың басында 100 бірлікпен іске қосылды. Қыркүйек айында автопарктің жылжымалы құрамы осы дизайндағы тағы 100 бірлік автобуспен толығымен



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСУДА

Астанада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы аясында «Таза бейсенбі» іс-шарасы жалғасуда. Елордалық Аманат партиясының өкілдерімен бірлесіп өткізілген тазалық акциясына 100-ден астам адам қатысып, Байқоңыр ауданындағы «Өндіріс» тұрғын алабына іргелес орналасқан «Көгілдір мүйіс» аумағын қоқыстан тазартты.

Экоакция нәтижесінде, аудан аумағынан 11 тонна қоқыс шығарылды. Тазалық жұмыстарына арнайы техника жұмылдырылып, 8 рейс қоқыс полигонына төгілді.

Аманат партиясы Астана қалалық

филиалының саяси жұмыс бөлімінің басшысы Әбдігани Бәзілханұлы «Таза бейсенбі» партиялық жобасы жаңа экологиялық мәдениет пен азаматтардың қоршаған ортаға деген санын көзқарасын қалыптастыруды



көздейтінін атап өтті.

– Бұл экологиялық акцияны еңбек тұрғысынан емес, идеология жағынан қарау керек деп ойлаймын. Адамдар өзінің туған жеріне, оның тазалығына мән беруі керек. Елімізге, елордамызға келетін шетелдіктерге тазалығымыз, экологиялық мәдениетіміз көрінуі тиіс. Сондықтан да бұл ұлттық жоба халықты біріктіріп, тазалыққа шақырады, – деді Ә.Бәзілхан.

Аманат партиясы Астана қалалық Байқоңыр аудандық филиалының атқарушы хатшысы Сергей Матю-

шенконың сөзінше, тазалық жұмысына 100-ден астам адам қатысты.

– Бүгін біз бастауыш партия ұйымдарымен бірге «Көгілдір мүйіс» деп аталатын қаладағы көрікті жерге келіп, аумақты қоқыстан тазалап жатырмыз. «Таза бейсенбілік» акциясына шамамен 100-ге жуық адам қатысып жатыр. Көрікті жерге тоқталсақ, қала тұрғындары мен қонақтары арнайы осы орынға келіп, естелікке суретке түсіп жатады. Бірақ өкінішке қарай, келушілер қоқыс тастап кетеді. Экоакция аясында барлық қазақстандықтар

ды тазалыққа үн қосуға шақырамыз, – деді С.Матюшенко.

Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріздерін тазарту, көшелерді, тротуарларды, орамшылқ аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, экоакция аясында Білім басқармасының ұйымдастыруымен елорда мектептерінде «Таза мектеп» челленджі басталды.

Зарина СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ДОНОРЛАР НЕГЕ АЗ?

Заманауи медицинада ағзалардың трансплантациясы – қазіргі кездегі емдеудің жаңа әдісі. Сол арқылы адамның өмірін ұзартып, өмір сүру сапасын жақсартуға болады. Әрине, ол үшін донорлық дене мүшелері қажет. Оған тірі донордан гөрі қайтыс болған адамның мүшелерін алу әлдеқайда тиімді. Біздің елде бұл бағытта әзірге тапшылық өте жоғары деңгейде. Көбінесе өмірден қайтқан адамның мүшесін алуға туыстары келіспей жатады. Сондықтан Қазақстанда трансплантологияның дамуы өлгеннен кейін ағзаларын басқа науқастарға беретін донорларға тікелей байланысты. Әлемдік өлшеммен қарасақ, бүгінде транспланттау – әр сәтті жасалған операциямен бағаланып, сол мемлекеттегі медицина деңгейінің басты көрсеткіші болып саналады.

Кардиолог Юрий Пя жуырда қазақстандықтардың қайтыс болғаннан кейін донор болғысы келмейтінін түсіндірді. Белгілі қазақстандық кардиолог біздің елімізде өлімнен кейінгі донорлық мәдениеттің неге нашар дамығандығы туралы айтты. Еліміз бойынша 40 донорлық стационар бар, бірақ азаматтардың басқа адамдарға көмектесуге қатысу деңгейі мүлдем танымал емес. Өткен аптада Астананың кардиохирургиялық орталығында дәрігерлер бір донордың арқасында бірденнен бес пациентке операция жасаған бірегей жағдай болды. Жүрек, өкпе, екі бүйрек және бауыр қолданылған.

Көптеген дәрігерлер өлімнен кейінгі донорлық мәдениеттің төмен деңгейінің себебі халықтың хабардарлығының төмендігінде екеніне сенімді. Қазақстандықтар оның маңыздылығын білмейді.

«Біреу тұрмыстық жарақаттан, ал біреу апаттан немесе қан кетуден қайтыс болады. Бұл адамдардың барлығы – әлеуетті донорлар. Өткен жылы мен полициямен сөйлестім, олар бір жыл ішінде апат салдарынан үш мың адам қайтыс болғанын айтты» дейді Юрий Пя.

Білім беру бағдарламалары мен ақпараттық науқандардың жетіспеушілігі адамдардың қайтыс болғаннан кейін басқаларға қалай көмектесе алатынын түсінбеуіне әкеледі. Ал Қазақстанда кейде өлімнен кейінгі донорлық идеясына қайшы келетін дәстүрлі және діни нанымдар үлкен рөл атқарады.

ӨЛІМНЕН КЕЙІН ӨМІР СЫЙЛАУ

Егер Қазақстанда донор мәселесі өз деңгейінде шешілер болса, қанша адамның өмірін сақтап, ғұмырын ұзартуға болар еді... Алайда, елімізде өлімнен кейінгі донорлық мәдениет айтарлықтай төмен деңгейде екенін мамандар айтып отыр.



ШАРИФАТ НЕ ДЕЙДІ?

Бізге көп жағдайда донорлыққа адамдардың діни наным-сенімі кедергі болатын сияқты. Әсіресе, мұсылмандар арасында. Бірақ дін өкілдері исламда тыйым жоқ деп отыр. Діндарлар мүше ауыстыруға қайшы емес, егер ол адам өмірін сақтап қалуға тегін берілсе дейді. Керісінше сауапты іс екен. Бірақ өлген адамның ағзалары ақша табу мақсатында жасалса, оған түбегейлі қарсы.

Иә, өлім – хақ. Бірақ мәйітті жерге бергенше, басқа адамдардың да өмірін ойлап, осындай әрекетке барсақ, ол Аллаға да, адамға да жағатын сауапты іс емес пе?!

ДОНОР БОЛУ – ІЗГІЛІКТІ ІС

Биыл Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова елімізде өлімнен кейінгі міндетті донорлықты енгізу мүмкіндігіне қатысты пікір білдіргені белгілі. Оның айтуынша, ағза

донорлығын дамыту жұмысы кезек-кезеңмен жүргізілуі керек.

– Жалпы, Қазақстанда заң деңгейінде адам қайтыс болғаннан кейінгі донорлық мәселесі реттелген. Дегенмен, бұл салада жетілдіретін тұстар бар шығар, бірақ ол тек заңнамалық базаға байланысты емес. Бұл жерде халықтың денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімі өте үлкен мәселе. Атап айтқанда, осы саладағы мәселелерді егжей-тегжейлі пысықтаймыз. Менің ойымша, халықтың өзі бұған дайын болуы керек. Біріншіден, мұны мәжбүрлі түрде жасауға болмайды. Біздегі заңнама ағза донорлығын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан аталған мәселелер бойынша тиісті қадамдар жасап, ақпараттық жұмыс және халықтың қолдауы арқылы осыны кезек-кезеңмен іске асыру керек, – деді Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова.

Министрдің айтуынша, 2019 жылға дейін жыл сайын өлімнен кейінгі ағза донорынан жасалған

ағза алмастыру оталарының саны 86-ға дейін жетіп отырды. Әлемде өлімнен кейінгі ағза донорлығының көрсеткіші бойынша АҚШ, Испания, Хорватия елдері көш басында тұр. ТМД елдерінің ішінде Беларусь тізіміне алдында. Бұл елдерде өлімнен кейінгі ағза донорлығының көрсеткіші орта есеппен 1 млн адамға 31-ден келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаһандық есебі бойынша, Қазақстанда бұл көрсеткіш — 0,021 деңгейінде.

Қазақстанда трансплантация тек мемлекеттік медицина мекемелерінде ғана жасалады. Елде осындай алты мекеме бар. Оның үшеуі Астанада, қалғаны Алматы, Шымкент пен Ақтөбеде орналасқан.

Денсаулық сақтау министрлігінің жанындағы республикалық трансплантация және жоғары технологиялық қызметтерді үйлестіру орталығының басшысы Әділ Жұмағалиев елде трансплантология мен донорлықты дамыту қиындағанын айтады. Спикердің пікірінше,

бүкіл трансплантология саласының тағдыры қыл үстінде тұр.

– 2012 жылдан бері адам мүшесін ауыстыратын 1800-ден астам ота жасалса, сонша донор қайдан шықты? Мұндайға кез келген адам келісе бермейді ғой. Аталған жағдайлардың бәрінде науқасқа туыстары, жақындары мен достары донор болған. Тірі адамның ағзасын алмау үшін, қайтыс болған адамды донор ретінде пайдалануды дамытуымыз керек, – дейді ол.

Орталық басшысының дерегіне, қазір екі жыл бұрын құрылған донорлық мүше күту кезегінде тұрған науқастар тізімінде 3242 адам бар, оның 116-сы – балалар. 2958 науқасқа – бүйрек, 136 азаматқа – бауыр, 146 адамға жүрек қажет. Бір адам – өкпе, тағы бірі жүрек пен өкпе кезегінде тұр. Жыл басынан бері донорлық мүше тапшылығынан 238 адам қайтыс болған. Кезекте тұрған науқастар арасындағы өлім көрсеткіші 2019 жылы – 146, 2018 жылы – 120 адам болған.

– Бұл қайғылы статистика жыл өткен сайын артып келеді. Оған себеп – донорлық мүше тапшылығы. Кезек күтіп тұрғандардың үміті азайып барады. Науқастар көз жұмып, кезекте тұрғандар саны артып келеді. Бұл тек Қазақстандағы жағдай емес. Мұндай тенденцияны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да мойындап отыр. Біз «Қайтыс болған адам донор болуы керек пе, жоқ па?» деген тақырыпты талқылап жүргенде, сондай мүшеге мұқтаждар арасында ажал құрығына ілінгендер көбейе береді. Әлемде шамамен миллионға жуық адамға донорлық мүше керек. Бірақ өкінішке қарай, әрбір оныншы адам ғана қажет мүшеге қол жеткізіп, ота жасатады, – дейді халықтың трансплантологияға деген сенімін арттыруды өзінің негізгі міндеті санайтын Ә. Жұмағалиев.

Осы саладағы білікті дәрі-

герлердің сөздеріне қарағанда елімізде жалпы потенциалды донор жеткілікті көрінеді. Мәселен, жылына көлік апатынан шамамен 3 мыңға жуық адам қайтыс болады десек, олардың жартысы – жастар. Халықаралық тәжірибеде донор мәселесі қалай шешілген дегенге келсек, мамандардың айтуынша, әртүрлі тәжірибелер бар. Мысалы, көп елдерде азаматтар жүргізу куәлігін алғанда, қандай да бір жағдай болып жатса, мүшесін беруге келісетіндігі базада тұрады. Сондықтан адам қайтыс болған жағдайда туыстарын іздеп жатпай-ақ мәселе бірден шешіледі. Өйткені, адам көз жұмғаннан кейін жүректі – 4, бауырды – 6-8, бүйректі 24 сағат ішінде басқа адамға салып үлгеру керек екен. Ал кейбір елдерде егер сен тірі кезінде өзіңнің келіспегеніңді жазбаша қалдырмасаң, автоматты түрде туыстарының келісімінсіз-ақ мүшесін ала бересің. Өйткені ол қарсы болмаған. Жалпы дәрігерлер туыстарының келісімін алады. Әрине, бұл – адами әрекет. Сондықтан ең соңғы сөз туыстарына қалдырылады... «Кім донор бола алады?» дегенге келсек, инфекцияға ұшырамаған, бауыры, бүйрегі, жүрегінің кінәраты жоқ кәметтік жастан 60 жасқа дейінгілер.

Елімізде ауруханада өткізілген трансплантацияның бәрі тегін жасалады. Үкімет ота жасауға ғана емес, операциядан кейінгі уақытқа да тегін дәрі береді. Себебі, олар тұрақты түрде дәрі ішіп тұруы керек. Оның үстіне әр ота жасалған адамның денсаулығын дәрігерлер мұқият бақылауда ұстайды. Себебі, нәтиже жіті бақылауға да байланысты. Дәріні азайту, көбейту, ультранық тексеру жасауды ота жасаған мамандар өздері жүзеге асырады. Мемлекетіміз қолдан келген көмегінің бәрін жасап отыр. Дәрігерлер де үкіметтің үдесінен шығуға тырысып, күндіз-түні қажетті оталарды жасап, тамаша көрсеткіштерге қол жеткізіп жатыр. Тек халық енді осыны түсінуі қажет. Қалай да науқас адам өз проблемасымен қалмауы керек.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ,
журналист

P.S: *Адамның өміріне жетер байлық жер бетінде жоқ. Оның бағасы өлшеусіз қымбат, құнсыз. Ал, донор болып адамға екінші өмір сыйлау – теңдессіз ерлік, жанды тербеп, ерекше толықтады. Айналамыздағылар осындай адами қасиеттен айырылмай, бір-біріне өмір, қуаныш сыйлай берсе екен деген тілек бар бізде.*

ЖҮРЕКТІ САҚТАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСІ

Осыдан он жыл бұрын Астанадағы UMC Жүрек орталығында LVAD HeartMate III жасанды құрылғысын имплантациялау отасы жасалған болатын. Соған орай аталған орталықтың басқарма төрағасы Юрий Пя бастаған білікті дәрігерлердің қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиынға UMC Басқарма төрағасының орынбасары Махаббат Бекбосынова, орталықтың кардиология бөлімшесінің меңгерушісі Салтанат Андосова, LVAD қызметінің меңгерушісі Наиль Хисамутдинов те қатысты. Сол мамандардың айтуынша, аталған құрылғы қан айналымына механикалық қолдау көрсетіп, жүректің сол жақ қарыншасына көмекші қызмет атқарады. Құрылғы сорғы рөлін орындау үшін ашық ота жасау арқылы имплантацияланады, ол жүрекке қанды тиімді шығаруға және бүкіл денені оттегімен қанықтыруға

көмектеседі. Құрылғы кабель арқылы сыртқы басқару жүйесіне және мезгіл-мезгіл зарядталатын батареяларға қосылады.

Орталық аталған ота бойынша клиникалық сынақтардан бірінші болып сәтті өтіп, тәжірибені жалғастырды. Бұл орталықтың жүрекке күрделі оталар жасайтын әлемдегі ең үздік 22 клиниканың қатарына кіруіне мүмкіндік берді. Содан бері бұл құрылғы біздің елімізде жүрек ауруының ауыр түрлерімен ауыратын 500-ден астам науқасқа жасалды.

– Статистикаға сәйкес, жүректен тамырлары аурулары – әлемдегі өлімнің ең көп тараған себебі. Қазақстанда жүрек ауруларын уақыттылы диагностикалау және алдын алу мәселесі бүгінге дейін

өзекті болып отыр. Жүрек жеткіліксіздігінің өршіген түрлерінде пациенттерге донорлық органды трансплантациялау қажет болуы мүмкін. Алайда, қайтыс болғаннан кейінгі донорлық пен халықтың оған дайындығының төмен деңгейі пациенттерді аман алып қалу үшін басқа шешім іздеуді қажет етеді, – дейді М.Бекбосынова.

Осындай шешімдердің бірі – LVAD HeartMate 3 құрылғысы, ол көбіне «трансплантацияға көпір» деп аталады, өйткені ол пациенттердің өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартуға көмектеседі.

– Созылмалы жүрек жетіспеушілігі қазіргі таңда ең қауіпті ауру болып саналады. Оған шаддыққан науқастардың 50 пайызы 5 жылға



дейінгі аралықта қайтыс болып кетуде. Жүрек трансплантациясына бізде донор табу қиын, сондықтан жүректің қызметін толық атқаратын қосалқы помпа орнату арқылы жасалатын ота өте тиімді болды, оның сапасы да жоғары. Он жылдан бері осындай ота жасалған науқастар әрі қарай қалыпты өмірін сүріп, жұмысын істеп кетті. Сондықтан жүрек ауруы бойынша дәрімен емдеуге келмейтін науқастарды осындай хирургиялық емдеу жолы әлемдегі таңдаулы әдістердің бірі саналады, негізі оның құны қымбат тұрады, 60 млн теңгеден асады,

алайда біздің елімізде мұндай науқастарға ота мемлекеттік квота есебімен тегін жасалады, – дейді С.Андосова.

Қазақстанда қазіргі таңда осындай ота жасайтын 4 орталық бар. UMC технологиясы Шымкент Жүрек орталығында, Алматы қаласындағы Кардиология және ішкі аурулар ғылыми зерттеу институтында және Тараз трансплантация орталығында сәтті қолданылуда. Соның ішінде осы елордадағы Жүрек орталығында жылына аталған әдіспен шамамен 40-45 ота жасалады. Бүгінгі таңда біздің

орталықта жүрек трансплантациясын жасауға еліміз бойынша 149 науқас кезекте тұр. Соның ішінде 10 адам – 18 жасқа дейінгі балалар. Ота жасалған 94 науқастың 46 пайызы – жүрек имплантациясының арқасында донор тапқанға дейін өмірін ұзартып, сосын жүрегі ауыстырып аман қалған жандар. Аталған елордалық клиникада сонымен қатар жергілікті және шетелдік әріптестерге тәжірибе алмасу, білім беру және қолжетімді медициналық көмекті дамыту үшін шеберлік сабақтары мен тренингтер өткізіледі.

АШЫҚТЫҚ ПЕН АЙҚЫНДЫҚ

Қоғамның ілгері дамуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – ашықтық пен айқындық. Олар – кез келген саланың алға жылжуына әсер ететін үлкен құрал. Осы мақалада жұмысты жоғары жауапкершілікпен ашық және адал атқару мен заңбұзушылықтарға жол бермеу жайын айтатын боламын.

Есіл ауданы, билетіндеріңіздей, елорданың ғана емес, еліміздің де саяси әкімшілік орталығы. Бұл статуска сай болу бізге, аппарат қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік артады. Сол себептен, мемлекеттік бағдарламаларды орындаудағы ашықтық пен айқындық – басты назарымызда. Айталық, әкімдік сайтында қызметімізге қатысты ақпараттар жүйелі түрде жаңартылып тұрады. Алдағы болатын талқылау, жиын, жиналыс, тексеріс сияқты іс-шаралар да интернет-ресурста көрініс тапқан. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне де жыл сайын ішкі талдау жүргізіледі. Ол жайында сайтта хабарландыру жасап отырамыз. Биыл да 2024 жылдың 3 маусымынан 15 шілдесіне дейінгі аралықта «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру» төртінші типтік базалық бағыт жобаларын іске асыру шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетін болады. Сонымен қатар, аппаратта кез келген құқықбұзушылық фактілерін болдырмау бойынша жүйелі жұмыстар ұдайы атқарылуда. Мәселен, жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспар мен құқықбұзушылықты төмендету мақсатында жұмыс тобын құрамыз, сондай-ақ айтып кеткенімдей, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты ішкі талдау жасаймыз. Соның ішінде, персоналды басқару сұрақтарын, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерді және құрылымдық бөлімшелер жұмысын жіті қадағалаймыз.

Заңбұзушылық фактілерін болдырмау мақсатында, әкімдік тарапынан түрлі бағыттағы ақпараттық жұмыс жүргізіледі. Айталық, аппарат ғимаратында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мазмұндағы буклеттер орналастырылған. Олар қызметкерлерге де, келушілерге де ескерту ретінде жұмыс істейді. Тұрғындар қажеттіліктерін сұрауда құқықбұзушылық әрекеттерін алдын алу үшін, апта сайын қабылдауымды өткізіп, әрбір келушінің жеке сұрақтарына тыңдап, заңға қайшы емес талаптарын орындауға тырысамыз және де тұрғындармен кері байланысты нығайту мақсатында «Есіл ауданы тұрғындары» телеграм-тобын ашып, ол жерде өтініш берушілердің тілектерін қабылдап, сәйкесінше орындап отырамыз. Біз әлеуметтік желілердің ең шарықтап дамып жатқан кезеңінде өмір сүріп жаттырмаймыз. Бұрын жаңалықты тек газет, радио, теледидардан білсек, қазір кез келген адамға бұл қызмет қолжетімді. Заманауи тілмен оны – «Азаматтық журналистика» деп атаймыз. Осы азаматтық журналистер мен белсенді тұрғындар бізге аудан тынысын толыққанды біліп отыруға үлкен септігін тигізеді. Аппарат қызметкерлері осындай белсенді тұрғындардың талап-тілегін әлеуметтік желіде күнделікті қадағалап, жұмысқа жіберіп отырады. Сондай-ақ Instagram, Facebook-тегі ресми парақшаларымызда да атқарылып жатқан жұмыстарды ұдайы көрсетуге тырысамыз.

Есіл ауданы әкімдігі халықпен тығыз қарым-қатынас орнатудың бірнеше тетігін қолданады. Өйткені ол жұмысымызды

оңтайландыруға және қандай бағытта қозғалуымыз керек екенін бағдарлайды. Сондай тетіктің енді бірі – тіршілікті қамтамасыз ету бөлімінің функциясы. Бөлім мамандары меншік иелері бір-лестігімен қоян-қолтық жұмыс істеп, сол арқылы тұрғындардың ортақ мүліктеріне қатысты қажеттіліктерін өтеп жатыр. «Халық қатысатын бюджет» жобасын осыған мысал ретінде алсақ болады. Бұл жобадан тұрғындарымыз тұрғын-үй кешендеріндегі аулаларын абаттандыру жөнінде бағдарламаларын ұсынып, оның орындалуы үшін дауыс беріп, аумақтарын жаңарта алады. Былтыр ХҚБ аясында 7 жоба орындалса, биыл тағы 4 жобаны жүзеге асырғалы отырмыз.

Біз сонымен қатар, ұялы байланыстың өте қолжетімді уақытын бастан өткізіп жатырмыз. Оның айшықты айғағы – «Қалалық мониторинг және жерде әрекет ету орталығы» – «iKOMEK109»-ға күнделікті келіп түсетін өтініштер. Бұл қызмет тұрғындарымыз үшін өте ыңғайлы, әрі кез келген жерде қоңырау шалып, мәселесін айтып, орындалуын талап ете алады. Мысалы, жыл басталғалы орталық арқылы 8880 өтініш келіп түсті: 7557-сі орындалып, қалған 1323-і орындалуда. Өтініштердің дені – қысқы уақытта қар шығару, жауын-шашыннан кейін судан тазарту, жолдардың жағдайына және аула-аумақтардағы қоқыстарды алып кетуге қатысты болды.

Жоғарыда атап өткенімдей, қазір заңбұзушылықты жасырып қала алмайтын заман. Кез келген заңға қайшы әрекет тұрғындарымыздың қарағыз көзінен тыс қалмайды. Оған қоса, «Сергек» камералары да өз жұмысын жақсы атқарып жатыр. Құқықбұзушылық фактілерін анықтап, жаза қолдануда әкімшілікке де Полиция қызметкерлеріне де бергісіз көмек көрсетуде. Заңбұзушылықтың ең тараған түрі – көшеге қоқыс тастау әрекеті. Тұрғындар арасында әлеуметтік қалыптастыру мақсатында Мемлекет басшысы биыл «Таза Қазақстан» экоайлығын өткізуді тапсырған еді. Осы экоакция аясында ауданымызда бір ай бойы сенбіліктер өткізіліп, аудандағы заңсыз қоқыс орындарын жою бойынша жұмыстар басталды. Бүгінгі таңда ауданда ондай 7 орын анықталған. Қоқыс көлемі шамамен 150 мың тонна құрайды. 2024 жылдың 6 мамырынан 10 шілдесіне дейінгі аралықта аталған заңсыз қоқыс үйінділерінен 12 600 тонна қоқыс шектеулерін енгізбесе, Қытай автокөлік өндірушілері басқа автомобиль компанияларының көпшілігін басып озады» деп мәлімдеме жасаған еді. Еуропалық Одақ (ЕО) Қытай

Ауданымыз күн санап көркейіп, өсуде. Атқарылған шаруа көп болғандай, жоспарымыз да жетерлік. Барлығымыздың ортақ мақсатымыз – тұрып жатқан ауданымыздың дамуы. Сондықтан, жалпыға тең міндетке жету үшін бәріміз де жұмыла атсалысуға тиіспіз. Мақаламды Аристотельдің әдемі сөзімен аяқтағым келеді: «Халыққа қызмет етіп, жақсылық жасау үшін ғаламды төңкеріп бай болып немесе күллі адамзатты басқарып, патша болуымыз міндетті емес...».

Дәрменияр
ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ,
Астана қаласы
Есіл ауданының әкімі



АРЗАННЫҢ ЖІЛІГІ ТАТЫМАЙДЫ

Соңғы жылдары Қазақстанның автомобиль нарығында Қытай автомобильінің үлесі жылдан жылға артып келеді. Әсіресе, Ресей санкцияның садағына ілініп, автомобиль зауыттарына еуропалық және жапон жабдықтарын жеткізу тоқтатылғалы бері Ресей мен Қазақстанда Қытай көліктері қаптап кетті. Қазақстандағы Еуропаның, Жапонияның, Оңтүстік Кореяның көліктерімен салыстырғанда Қытай көліктерінің бағасы да арзан. Қажет болса, жеке куәлікті апарып бөліп төлеу тәсілімен де алып кетуге болады. Бірақ Қытай көліктерінің сапасы қандай? Сырты жылтырап, іші қалтырап тұрған жоқ па?

Қалиакбар
ҮСЕМЖАНҰЛЫ

Қазақстанның жеңіл көлік нарығында қытайдың Chery, Changan, Exeed, Haval, JAC, Jetour және FAW көліктері бар. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда ең көп сатылған көліктің жетеуі Қытайда шығарылған. Әсіресе, Chery, Haval және JAC-тың Қазақстандағы саудасы өте жоғары. Өйткені Қытай көліктерінің бағасы арзан, іші сырты көрер көзге жылтырап тұрғандықтан, жүргізушілер ескі көліктен алысып, есім шыққанша, бір жыл болса да жаңа көлік мініейтін деген ішкі есеппен арзан бағадағы Қытай көлігін алуға асығады. Бірақ, Қытай көлігі бізге арзан сияқты көрінгенімен, біздің елде Қытайдағы бағасынан 2-3 есе қымбатқа сатылатыны тағы бар.

Қытай автомобиль өндірушілері қауымдастығының мәліметінше, 2023 жылы Қытайдың автомобиль экспорты тұңғыш рет Жапонияны басып озып, әлемде бірінші орынға шықты. Әсіресе, Қытай электрлі көлік өндіру жағынан әлем елдерінен көш ілгері кетті. Осы жағдайға байланысты Tesla компаниясының басшысы Илон Маск «Егер үкімет сауда шектеулерін енгізбесе, Қытай автокөлік өндірушілері басқа автомобиль компанияларының көпшілігін басып озады» деп мәлімдеме жасаған еді. Еуропалық Одақ (ЕО) Қытай

2023 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА 149 150 ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛЫ КЕДЕНДІК РӘСІМДЕУДЕН ӨТКЕН. МҰНЫҢ 45 984-І ҚЫТАЙ КӨЛІГІ БОЛСА, 39 395 КӨЛІК ГРУЗИЯДАН ӘКЕЛІНГЕН. БАӘ – 20 320, ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАН – 14 870, ЖАПОНИЯДАН 11 438 КӨЛІК ИМПОРТТАЛҒАН

көліктерінің импорттық тариф мөлшерлемесін 48%-ға дейін көтеру жағын қарастыруда. Әзірше қытайлық көліктерге төтеп беріп тұрған нарық АҚШ қана. Олар Қытайдан көлік кіргізуге қатысты алымды көлік құнының 27,5%-ына жеткізген.

Қытай көліктерінің әлемдік нарықта арзан болуындағы басты себеп: Қытай шетелге экспортталатын көліктерге субсидия беру, салықтан босату сияқты тәсілдерді қолданса, ал импортталатын көліктерге жоғары алым салып, өз елі кәсіпкерлерінің мүддесін бағындырып қорғап отыр. Алайда бұл көрі құрылық өндірушілеріне мүлде ұнамайды. Одақ көлемінде бәсекелестікке қатысты шағым көбейген соң Еурокомиссия Қытайдың көліктерге беретін субсидиясына қатысты тексеруді бастады. Олардың пікірінше, бұл бағаны әдейі төмендетуге әкеледі. Ал біздің елде көлемді көлік өндірісі болмаған соң, Үкімет бұл мәселені ескеріп отырмаған сияқты.

2023 жылы Қазақстанда 149 150 жеңіл автокөлік құралы кедендік рәсімдеуден өткен. Мұның 45 984-і Қытай көлігі

болса, 39 395 көлік Грузиядан әкелінген. БАӘ – 20 320, Оңтүстік Кореядан – 14 870, Жапониядан 11 438 көлік импортталған. Демек, қазақстандықтар утиль алымының жоғарылығына қарамастан Қытай көлігін алып жатыр. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай Қытай көлігі біздің нарықта үш еселеніп сатылса да, бәрібір басқа көліктерден арзан болып отыр.

Дей тұрғанмен, еуропалық, жапондық көліктермен салыстырғанда қытайлық көліктердің турбореактивтік қозғалтқышында, қоробкасында, сондай-ақ тіректі пісіп-жетілген жоқ. Қауіпсіздік жағынан қамтамасыз етілуі де Еуропа, Жапония көліктері мен сапасы тең дей алмаймыз. Сондай-ақ материалдарының көбі ұзақ уақытқа жарамсыз болуы мүмкін. Зауыттан шыққанда жылтырап тұрған көліктері біреу жылдан кейін сыр беріп, есік-терезесінен шаң кіріп, шаршағаны біліне бастайды. Әсіресе, жолының көбі ой-шұңқыр Қазақстанда

Қытай көліктері тіпті тез сыр береді.

Қазір Қытайда да автокөлік бағасы күн сайын арзандап барады. Әсіресе, Қытайдың өзі нарыққа шығарған Chery, Changan, Exeed, Haval, JAC, Jetour және FAW көліктері сол елдің өзінде сатылмай, бағасы сабан боп жатыр. Өйткені қытайлықтардың өзі де қалтасы көтерсе, Toyota, Kia, Mitsubishi, Audi, Ford, Lexus... көліктерін мінеді. Себебі бұл көліктер техникалық жақтан сенімді, қытайлық көліктермен салыстырғанда құны ұзақ, қосалқы бөлшектері тез табылады. Құнын сақтайды, біреу жыл мініп, сатсаңыз да бағасы тым түсіп кетпейді. Ал Қытайдың өзі жасаған көліктері салоннан шыққан сәттен бастап бағасы түсіп, біреу жылда жарты бағасына да сатылмайтын деңгейге жетеді. Қытайдың арзан көлігіне қызығып жүрген отандастарымыз осы мәселені ескеруі керек.

Ең маңызды мәселе, Қытай көліктерінің Chery, Changan, Exeed, Haval, JAC, Jetour және FAW деген түрлері қанша болғанымен, олардың ішкі бөлшектерінің қалыптасқан өлшемі жоқ. Қытайлық өндірушілер көліктердің қосалқы бөлшектерін жыл сайын, тіпті ай сайын өзгертіп отырғандықтан, қазір қытайлық машиналардың қосалқы бөлшектерін табу қиынға соғуда. Осыдан бір қанша жыл бұрын зауыттан шыққан көліктердің қосалқы бөлшегін таба алмаған қытайлар жақында осы мәселеге байланысты наразылыққа да шықты. Демек, Қытай көлігін сатып аларда осы мәселені айырықша ескерген жөн. Ал Қытайдың электрлі көліктері келсек, оның да артықшылығынан кемшілігі көп сияқты. Әсіресе, қуаттығы жүйесінің құрылымының қысқалығына және оны ауыстыруға жұмсалатын қаражаттың өзі машинаның құнымен қарайлас болуына байланысты қытайлық электр көліктердің көбі Қытайдың өзінде 3-4 жылдан кейін кір жататын темірге айналып қалып жатқан жайы ойлантанды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығы және ЖАО жауапкершілігіне жататын жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету туралы қолданыстағы заңнаманың тармақтары мен өзге де талаптарын басшылыққа ала отырып, «Астана қаласының Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ қоғамдық талқылаулар өткізетіні туралы хабарлаймыз.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 2 тамыздағы, сағат 11:00-де, Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Астана қ., Сарыарқа ауданы, Абай 150 жыл көшесі ауданында, «Астана – өңірлік электр желілік компаниясы» АҚ тапсырыс берушісі объектісіне «Тарату қосалқы станциясын салу және пайдалану – 64» объектісін егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.

2. Астана қ., Байқоңыр ауданы, Сембинов көшесі 46 А, «Астана – өңірлік электр желілік компаниясы» АҚ тапсырыс берушісі объектісіне «Самал» 110/10 кВ ҚС-да бекеттерді жобалау және салу» объектісін егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.

3. Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Қ.Күмісбеков көшесі, 7а, «Астана – өңірлік электр желілік компаниясы» АҚ тапсырыс берушісі объектісінің «Көктем» «110/10 кВ ҚС бокстарын жобалау және салу» егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады k.baigabylova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жөшігінде (холл) қолма-қол.



PARIS 2024

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

ПАРИЖ-2024: КІМНЕН, ҚАНДАЙ НӘТИЖЕ КҮТЕМІЗ?

Кеше әлем жұрты Париж Олимпиадасының ашылу салтанатына көз тікті. Бұған дейін 1900 және 1924 жылы ойындарды өткізгенді. Тұңғыш рет Олимпиаданың ашылу салтанаты стадионда емес, Сена өзенінде өрбіді. Қазақстан құрамасының туын Асланбек Шымбергенов пен Ольга Сафронова ұстап шықты.

маған еді. Енді төртжылдықтың басты бәсекесінен тыс қалды.

Ойындарға 209 қазақстандық барды. Оның 149-ы – жаттықтырушылар мен спортшылар. Егер 80 атлет өнер көрсетеді десек, сонда 69 бапкер шәкіртінің бабына жауап береді деген сөз. Туризм және спорт министрлігінің 5 өкілі төбе көрсетеді. Ұлттық Олимпиада комитетінен 10 адам, Спортты дамыту басқармасынан 6 адам ұлттық құраманың жанкүйері болады. Ал спорттық медицина және оңалту орталығының дәрігерлері, массажистерінің саны – 23, журналистер 16 адам болады.

РЕКОРДТАР, ТАҒЫ ДА РЕКОРДТАР...

1886 жылдан бастап 32 рет Олимпиада ойындары өтсе,

АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Жапония, Германия, Франция таласатыны анық. 1990 жылы француздар Олимпиада ойынын қабылдап, командалық есепте бірінші орын алған-ды. Өз елінде осы нәтижені қайталай ала ма? Бұған өзге ұлттық құрама командалар келіспейтіні анық.

Қазір әлем спорты ғылымның араласуымен қатты дамып кетті. Жеңіл және ауыр атлетика, суға жүзу және тағы басқа спорт түрлерінен адамның мүмкіндігі енді жетпейді деген рекордтық көрсеткіштерді қайта-қайта бұзып, таңғалдыруды тоқтатар емес. Мәселен, Токио Олимпиадасында Норвегияның намысын қорғаған Якоб Ингебригтсен 1500 метрлік қашықтықты 3:28,32 бағындырды. Америкалық Райан Краузер ядраны 23,30 метрге лақтырып, айды аспаннан бір-ақ шығарды. Жалпы, Пекин-2008 және Лондон-2012 турнирінде 8 рет олимпиадалық рекорд жаңартылса, Токиода 10 рекордтың мұрты бұзылды. Міне, осыдан-ақ әлем спортының қарқынын аңғаруға болады. Париж төрінде талай рекорд бұзылып, адамның мүмкіндігі зор екеніне куә болатынымыз анық. Біз спортшылардың рекордтарымен мақтана алмасақта, Вэла Баркер кубогын алған Василий Жиров, Бақтияр Артаев, Серік Сәпиевтің жетістігін алға тартамыз.

ВЕЛОСАЯХАТШЫНЫҢ ЕРЛІГІ

Туризм және спорт министрі Қазақстанның Париждегі елшілігінде велосаяхатшы Рәббим Борашевті күтіп алды.

Велосаяхатшының сапары Маңғыстаудан басталып Франциядағы «Салтанатты аркада» мәресіне жетті. Оны Франциядағы Қазақстан Елшілігінің ұжымы мен француз қоғам қайраткерлері салтанатты түрде қарсы алды.

Ведомство басшысы Маңғыстау облысының тұрғынын Қазақстан елшілігінде қошеметпен қарсы алып, велосипедшінің спорттық дайындығы мен ерік-жігерін ерекше атап өтті.

Ол адымен Ақтаудан Бакуге, содан кейін Грузия арқылы Түркияға жетті. Әрі қарай Аустрия, Германия арқылы Парижге жетті.



соның 18-інде АҚШ командалық есепте бірінші орын алды. 6 рет КСРО, Қытай, Франция, Германия, Ұлыбритания бір реттен төртжылдықтың басты додасында үздік атанды. АҚШ құрама командасының спортшылары 25 мың медаль еншілесе, соның 1 мыңға жуығы – алтын медаль. Бұл – олимпиадалық командалар арасындағы рекордтық көрсеткіш. Енді ше, бір ғана жүзгіші Майкл Фелпс командасына 23 алтын медаль сыйлады. Олимпиада тарихында командалық есепте алғашқы үштікке Греция, Куба, Швеция, Финляндия, Италия, Венгрия, Аустралия, Румыния, Болгария және Ресей кірді. Токио Олимпиадасында алғашқы үштікті АҚШ, Қытай, Жапония өзара бөлісті. Париж Олимпиадасында үздік үштікке

жолдас болды, енді екеуінен де жүлде күтеміз.

Дзюдо жеребесі тартылып, 48 келіде әлемнің рейтингте үшінші орында тұрған Абиба Әбужақынова олимпиадада финалына дейін өтуге мүмкіндігі бар. 60 келіде Елдос Сметов бірінші айналымда нидерландтық Торнике Чакадоза белдеседі. Елдостың бабы мен бағы сай келсе, үшінші рет Олимпиада жүлдесін алуы мүмкін. Садақ атудан іріктеу кезеңі басталып кетті. Теннистің жеребесі тартылып,

КҮТКЕН КҮН

Төртжылдықтың басты бәсекесінде 208 елдің 10 500 атлеті 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығына таласады десек, кеше жүлдеге үмітті мықтыларды шеруден көрдік. Иә, ұлттық құрама мүшелері жеке қайыққа мініп, өзен бойымен шығыстан батысқа қарай алты шақырымды кесіп өтіп, Трокадеро алдында аяқталды. Онда ашылу рәсімінің соңғы элементтері мен мерекелік шоуларға куә болдық. Енді Париж Олимпиадасының алауы 11 тамызға дейін жанып, әлем үздіктерін анықтайды. Алғаш рет спорттық көше бий – брейкинг бойынша жарысады. Олимпиада бағдарламасында екінші рет серфинг, жартаққа өрмелеу және скейтбордингтен спортшылар бақ сынайды.

ХОК Олимпиада бітім шартын бұзғаны үшін Ресей мен Беларусьті команда ретінде қатысудан шектеді. Алайда ұлттық идентификациясы жоқ «жеке бейтарап спортшылар» ретінде қатысуға мүмкіндігі бар. Олардың нәтижесі медальдар кестесінде делегация ретінде қарастырылмайды.

24 шілде – регби және футбол, ал 25 шілдеден бастап – гандбол және садақ атудан бәсеке басталды. Боксшылардың алғашқы қарсыластары белгілі болды. 1/8 финалда Сәкен Бибосынов түрік Самет Гумушпен қолғап түйістірсе, Махмұд Сабырхан испан Хосе Гуелес Бротонспен кездеседі. Біздің боксшылар ширек финалда әлем чемпиондары өзбек Хасанбай Дусматовпен және Абдумалик Халокөвпен жолығуы мүмкін. Команда капитаны Асланбек Шымбергенов екінші айналымға өтсе, жапон Севон Окавамамен кездеседі. Естеріңізде болса, Азия ойындарының финалында жапоннан ұтылған еді. Сарапшылар Асланбекті бірінші орын алатынына сеніп отыр. Нұрбек Оралбай мен Қамшыбек Қоңқабаевқа жеребе

Елена Рыбакина жүлдегерлер санатына қосып отырғанымызда, чемпионды жарыстан бас тартты. Одан бөлек, жеңіл атлетика, құзға өрмелеу, мылтық ату, ескек есу, күрес түрлерінен жүлде күтетіміз анық. Әсіресе, Азия ойындарында алтын медаль сыйлаған мергендерге сенім басым.

ЕЛЕНАҒА НЕ БОЛДЫ, ТУРНИРГЕ ҚАНША АДАМ БАРДЫ?

Әлеуметтік желідегі пікірлер екіге бөлінді. Басым көпшілігі Елена Рыбакинаны даттап, «кезекті рет лақтырды» деген айдар тағуда.

Ал Туризм және спорт министрлігінің телеграмдағы парақшасында «Теннистен Қазақстан

әйелдер құрамасының көшбасшысы Елена Рыбакина ХХХІІІ жазғы Олимпиадаға денсаулығының нашарлауына байланысты қатыса алмайды.

Оның Уимблдон турнирінен кейін тыныс алу жолдары қашынып, ісініп, ауырған. Соған

қарамастан Елена дайындалып, Олимпиада ойындарында жоғары нәтиже көрсеткісі келді. Алайда дәрігерлер оған қортқа шығуға, ұшуға тыйым салған» деп мәлімдеді.

Естеріңізде болса, Рыбакина Азия ойындарына да қатыса ал-

ЕСКЕ АЛУ КЕШІ ӨТТІ

Астана қаласы Есіл аудандық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында белгілі әнші, композитор, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Ахмедия Есмұхановты еске алу кеші өтті. Кешті композитор құрылуына атсалысып, мүшесі болған «Сағыныш сазы» ұлттық вокалдық ансамблі ұйымдастырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Концерт Ахмедия Есмұхановтың ұстаздары Жақсыгелді Сейілов пен Болат Есмұхановтың «Неге солай?» (сөзін жазған Аманжол Шәмкенов), «Махаббат мұңы» (Тұманбай Молдағалиев) әндерімен ашылды. Әрі қарай композитордың елге танымал «Тамшылар»

(Өтеген Күмісбаев), «Есіл ағады» (Ғалым Жайлыбай), «Балапан», «Көктем» басқа да әндері әуеледі. Жалпы лирикалық туындылармен қатар патриоттық және балаларға арналған әндерді қосқанда композитордың мұрасы 200 әнге жуықтайды. Оның әндері «АБК» тобы, «МузАрт» ансамблі, Қайрат Нұртас, Рахат Тұрлыханов, Медет Шайкелов, басқа да белгілі әншілердің

репертуарына енген. Ал осы кеште «Сағыныш сазы» ансамблімен қатар аталмыш өнер ұжымының музыкалық жетекшісі Жанарбек Ескендіров, Салтанат Шамина, композитордың шәкірттері Мұратбек Қонарбаев пен Әбу Алмасбек өнер көрсетті. Ансамбль мүшесі Қанат Қалықов өлең оқыды. Композитордың шәкірттері мен бауырлары, көзін көрген азаматтар естеліктерді айтты.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – ЕРКІН ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – ҒАЛЫМ ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №89

Баспаханна: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Нұрлат БАЙГЕНЖЕ